

"Қазақтелеком" акционерлік қоғамына жер учаскесіне қауымдық сервитутты белгілеу туралы

Костанай облысы Костанай ауданы Владимиров ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 29 қаңтардағы № 2-ш шешімі

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Костанай ауданының Владимиров ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына "Костанай облысы В2G сегмент үшін ВОЛС құрылсызы" объектісі бойынша талшықты - оптикалық байланыс желісін төсөу қызмет көрсету және пайдалану үшін, Костанай облысы, Костанай ауданы, Владимиров ауылдық округі, Владимиров ауылы, мекен-жайы бойынша орналасқан, ауданы 0,4406 гектар, жер учаскесіне шектеулі нысаналы жер пайдалану құқығы (қоғамдық сервитут) белгіленсін.

2. "Костанай ауданының Владимиров ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Костанай ауданы әкімдігінің интернет - ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкімнің міндеттін атқарушы

C. Каюрова